



FTAMP 16.31.51
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-292-302>

Аутентті мәтіндер арқылы оқылым дағдысын дамыту

А.С. Бердикулова*¹, Ш. Қапантайқызы²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹adasay.90@mail.ru, ²shkapantaykizi@mail.ru)

Аңдатпа. Оқылым мәтіндері шынайы өмірге, адамға, қоғамға, мамандыққа байланысты болуы тиіс. Бұл тұжырымдама коммуникативтік бірлік ретіндегі мәтіндерге қойылатын талаптардың негізінде туындайды. Зерттелетін мәселенің өзектілігі тіл үйренушінің оқылым дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдарын таңдау қажеттілігінен туындап отыр. Осыған байланысты мақаланың мақсаты – тиімді коммуникативтік оқу үдерісін және аутентті мәтіндік материалдарды ұйымдастыру мүмкіндігін тіл үйретудің тиімді тәсілі ретінде қарастыру. Мақаланың теориялық бөлімінде тіл үйрету құралы ретінде оқылым әрекетін аутентті мәтіндер негізінде меңгерту мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Нәтижесінде оқылым дағдысын қалыптастыру жолдарын қарастырған еңбектердегі «аутенттілік» және «аутентті материалдар» ұғымдарына берілген анықтамалар сараланды. Аутентті мәтіндердің түрлеріне талдау жасалды. Аутентті мәтіндік материалдарды пайдалану аспектілері қарастырылып, мәтіннің әрбір түрі үшін оқуды ұйымдастыру кезеңдері мен тапсырма түрлері анықталды. Зерттеудің практикалық бөлімінде студенттердің сөздік қорын кеңейтуге, аутентті мәтінді меңгеру негіздерін үйретуге, сөздікпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін аутентті ақпараттық мәтіндерді оқуға баса назар аударылды. Мақалада көтерілген мәселелер тіл үйрету сабағында аутентті материалдармен жұмысты ұйымдастыру тұрғысынан практикалық құндылыққа ие және аутенттілік мәселесін зерттеуге теориялық-практикалық үлес қосады.

Түйін сөздер: аутенттілік, аутентті мәтін, ақпараттық мәтін, оқылым әрекеті, тіл үйрету, тапсырма.

Түсті: 28.12.2024; Жөнделді: 17.02.2025; Мақұлданды: 03.03.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

*Хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Мәтінді сөйлеу әрекеті тұрғысынан қарастыру – тілдің қолданылуына назар аудару, сондай-ақ, тіл мен сөйлеуді бір-біріне қарама-қарсы қоятын көзқарастан бас тарту болып саналады. Оқу – мәтіндік ақпаратты түсіну және түсіндіру процесін қамтитын оқушы сөйлеу әрекетінің белсенді түрі. «Оқылған мәтінді толық түсінуге бағытталған күрделі іс-әрекет барысында адам миында көптеген танымдық процестердің өзара әрекеттесуі жүреді» [1]. Мәтін – тілдік жүйенің ғана емес, коммуникативтік жүйенің де тұлға-бірлігі. Сондықтан тіл үйрету әдістемесінде оқылым мәтініне, оны арнайы зерттеуге ерекше мән беріледі. Сөйлеу тілін дамытудың тиімді жолдарының бірі – аутентті материалдарды пайдалану. Алайда қазіргі лингводидактикада бұл мәселені қарастырудың жаңалығына байланысты «аутентті мәтін» ұғымы әлі нақты анықтамаға ие болған жоқ. Ең алдымен, аутенттілік ұғымының өзі толық зерттелмеген. Қазіргі отандық және шетелдік әдіснамалық ғылымда аутенттіліктің нақты анықтамасы жоқ, сонымен бірге «аутентті» ұғымының «түпнұсқалық» және «шынайы» деген мәндерінің арасында да терминологиялық шекара болмай отыр.

Қазақ тілін үйретуге арналған оқулықтарда берілген мәтіндер жайлы ғалым Ф. Оразбаева: «Ауызекі сөйлеу үлгілерін үйрететін мәтіндерден гөрі жалпы оқуға, аударуға арналған күрделі мәтіндер көп орын алды және оларға қатысты ауызша сөйлеу үлгілері түрленіп берілмей, сөздік арқылы жұмыс істеумен шектелді», - деп жазды [2]. Осы жерде «сөйлеуге үйрететін» мәтіндер қандай болуы керек деген заңды сұрақ туындайды. Ш. Құрманбаева мәтіндерді тілдік және сөйлеу мәтіндері деп ажыратып, сөйлеу мәтіндеріне аутенттілік, дискурстық қасиеттер тән екендігін айтады [3].

Мәтіннің танымдық және коммуникативтік қызметінен туындайтын осы бір өзекті мәселе аутентті мәтіндерді зерттеудің қажеттілігін айқындайды. Осыған байланысты мақаламызда аутенттілік ұғымына талдау жасалып, аутентті мәтіндердің түрлері, олармен жүргізілетін жұмыс түрлері сараланады.

Әдіснама

Мақалада әдіскер-тілші ғалымдардың әр жылдарда мәтін, аутенттілік, тіл үйрету мәселелеріне қатысты жазылған ғылыми-әдістемелік мақалалары зерттеу материалы қызметін атқарды. Атап айтқанда, «аутенттілік», «аутентті мәтін» терминдерінің мәнін саралаған Т.Ф. Ефремова, Е.В. Носонович пен Р.П. Мильруд, Г.И. Воронина, К.С.Кричевскаялардың аутентті материалдар жайлы, оның ішінде аутентті мәтіндік оқу материалдары жайындағы пікірлері зерттеу нысанына алынды. Нәтижесінде аутентті және аутентті емес материалдар арасындағы негізгі айырмашылықтар айқындалды. Келесі кезекте аутентті мәтін мәселесін қарастырған Д. Хармер, М.А. Казакова, А.А. Евтюгина, А.А. Гильманова, С.Е. Никитина, Д.В. Тябина, О.А. Леонгардтың ғылыми-әдістемелік еңбектері зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Ғалымдардың барлығының аутентті мәтіндер жайлы пікірлері «ана тілінде сөйлейтіндердің тілдік тәжірибесінен алынған мәтін» деген анықтама төңірегінде топтасатыны айқындалды.

Мақаланы жазу барысында теориялық және практикалық әдістер қолданылды. Зерттеу пәні болған аутентті мәтіндер жайлы еңбектерді қарастыру барысында салыстырмалы және себеп-салдарлық талдау әдісі қолданылды. Келесі кезекте жинақтау әдісінің көмегімен аутентті мәтіндердің түрлері, олармен жұмыс кезеңдері, тапсырма үлгілері ұсынылды. Жалпы жұмыс барысында ғылыми баяндау мен сипаттау тәсілдері өнімді қолданылды. Бағалау әдісі аутентті мәтінмен жұмыс түрлерінің ішінде ең тиімділерін айқындау мақсатында қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Грек тілінен аударғанда «authentic» – түпнұсқаға сәйкес келетін, шынайы, ақиқат, екіжүзділік пен жалғандықты жоққа шығару мағынасын береді. Ағылшын тіліндегі тура осылай аталып, жазылатын «табиғи» мағынасындағы сөзбен сәйкес келіп, шынайы деген мағынаны білдіреді. Сөздік анықтамаларына сәйкес «аутентті», «түпнұсқа» ұғымдары шынайылық және кең мағынадағы түпнұсқалық қасиеттері ретінде өзара синоним болады. Т.Ф. Ефремова «аутентті» ұғымына «түпнұсқадан шыққан, түпнұсқаға сәйкес келетін, шынайы», – деген анықтама береді [4].

Е.В. Носонович пен Р.П. Мильруд аутентті мәтіндерді қарастыра келіп, оқылым дағдысын қалыптастырудағы мәтінінің шынайылығының келесі аспектілерін атап көрсетеді:

«1) Мәдени аутенттілік – үйренілетін тілдің барлық қолданыс салаларындағы негізгі белгілері туралы, осы тілді тасушы ұлт өмірінің негізгі ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастыратын мәтіндерді қолдану;

2) Ақпараттық аутенттілік – тіл үйренушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін өзекті, мазмұнды ақпаратты қамтитын мәтіндерді пайдалану;

3) Жағдаяттық аутенттілік – табиғи қарым-қатынас жағдайын жасау, мысалы, кез келген бір танымдық тақырыпқа қызығушылық таныту, осы тақырыпты талқылаудың табиғилығы;

4) Ұлттық ділдің аутенттілігі – үйренетін тілдегі белгілі бір фразаны қолданудың не қолданбаудың орынды екенін түсіндіру;

5) Реактивті аутенттілік – мәтіннің тіл үйренушілердің бойында шынайы эмоционалдық, психикалық және сөйлеу реакциясын тудыру қабілеті;

6) Безендіру аутенттілігі – мәтіннің коммуникативтік міндетін түсінуді жеңілдету мақсатында оқулықта және түпнұсқада рәсімделуінің өзара сәйкестігі;

7) Мәтіндер бойынша оқу тапсырмаларының аутенттілігі – тапсырмалардың оқушы әрекетін ынталандыру қабілеті, атап айтқанда, сабақтан тыс уақытта әртүрлі ақпарат көздерімен өздігінен жұмыс істеу кезінде орындалатын операцияларға негізделуі» [5].

Аутенттіліктің жоғарыда келтірілген жіктелуіне сүйене отырып, лингводидактика аясындағы аутенттілікті тіл үйретудің мазмұндық, ұйымдастырушылық және жеке аспектілерінің табиғи әдіске сәйкестігі деп анықтауға болады деген қорытынды жасауға болады.

Аутенттілік құбылысын түсіндірудегі қиындықтармен қатар лингводидактикада аутентті материалдың мәнін анықтау, атап айтқанда, қандай материалдарды аутентті

деп тануға болатынын анықтау мәселесі туындайды. Осы тұста ғалымдардың көпшілігі аутентті мәтіндік материалдар мәселесін ерекше атап көрсетеді. Мәселен, Г.И. Воронина аутентті мәтіндерге үйренетін тілде сөйлейтіндердің (тіл тасушыларының) коммуникативтік тәжірибесінен алынған мәтіндер деген анықтама береді [6]. Ал К.С. Кричевская шет тіл мәдениетін тану әдістерін қарастыра отырып, аутентті материалдардың қатарына шынайы әдебиет, музыка, фольклор, бейнелеу өнері туындыларын жатқызады [7]. Сонымен қатар қоғамның күнделікті өмірін қамтамасыз ететін жарнамалар, сауалнамалар, атаулар, белгілер, мәзірлер, есепшоттар, карталар, брошюралар бағдарламалар, ауа райы болжамдары, қоғамдық орындардағы хабарландырулар сынды прагматикалық материалдардың жеке тобын да аутентті мәтіндер ретінде қарастыруға болады. Аутентті материалдар қатарына білім беру мақсатына жету үшін емес, шынайы қарым-қатынас үшін жасалған үйренетін тілдегі аудио, бейне және мәтіндерді де жатқызуға болады.

Д. Хармердің пікірінше, аутентті мәтін дегеніміз – әуел баста бір тілді қолданаушылардың сол тілде сөйлейтіндерге арнап жазған мәтіні [8]. К. Морроу аутентті мәтінді тірі тілдің үлгісі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, аутентті мәтін – нақты қабылдаушыға белгілі бір ақпаратты жеткізу мақсатында ауызша немесе жазбаша сөйлеу тілінде жасалған бірлік [9]. М.А. Казакова, А.А. Евтюгина: «тілді меңгерту мақсатын көздемей туындаған кез келген тілдік материалды аутентті деп санауға болады», - деген пікір білдіреді [10].

Жоғарыда берілген барлық анықтамаларды қорытындылай келе, аутентті материалдар дегеніміз – ана тілінде сөйлейтіндер үшін сол тілде сөйлейтіндер дайындаған, мәтіндік, бейне және аудио форматта, сондай-ақ иллюстрация түрінде ұсынылған материалдар деп айта аламыз. Осындай мәтіндер жөнінде А.А. Гильманова, С.Е. Никитина, Д.В. Тябина: «Шет тілді үйрету кезінде оқытушы мен студенттерде көбінесе оқу жоспарының шеңберінен шығып, зерттелетін мәселелердің ауқымын кеңейтуге деген ұмтылыс пайда болады. Бұған аутентті мәтіндер, яғни ана тілінде сөйлейтіндердің тілдік тәжірибесінен алынған, ана тілінде сөйлейтіндердің ана тілінде сөйлейтіндерге арнап жазған мәтіндері көмектесе алады», – деп жазады [11]. Осы тұста «Шетел тілі сабағында аутентті мәтіндермен жұмыс істеу студенттерге оқытылатын тілдің елін басқа ұлт өкілінің көзімен көруге мүмкіндік береді және осы елдің мәдениеті туралы жалған стереотиптерді қалыптастырмайды», – деген О.А. Леонгардтың да пікірімен келіспеуге болмайды [12]. Берілген пікірлер аутентті мәтіндердің тілді тұтынушы халық өкілінің өмірлік тәжірибесінен алынған шынайылық қасиетіне ие болатынын баса көрсетеді.

Лингводидактика саласында аутентті материалдарды қолданудың тиімділігі туралы ортақ пікір жоқ. Аутентті материалдарды пайдаланудың оң әсері мен артықшылықтарын өз еңбектерінде көптеген зерттеушілер атап көрсеткен. А. Мартинес аутентті материалдарды пайдалану арқылы студенттер лингвомәдени білім алады, аутентті қарым-қатынас жағдаяты аясында тілдік дағдыларды меңгереді және жетілдіреді деп тұжырымдайды [13]. Сонымен қатар, аутентті материалдар жанрлық және стильдік әртүрлілігіне байланысты оқу іс-әрекетінде қолдануда біраз қиындықтар да тудырады. Бұл жерде мәдениеттердің айырмашылығы, тілді меңгеру деңгейі мен қолданылатын

аутентті тілдік бірліктердің сәйкес келмеуі, ақпараттың тез ескіруі т.б. факторларға байланысты аутентті мәтіндерді қабылдауда туындайтын кедергілерге баса назар аудару керек. Аутентті материалдарды пайдаланудың аталған артықшылықтары мен кемшіліктері нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ең тиімді аутентті материалдарды таңдау мәселесінің аса күрделі үдеріс екендігін айқындайды.

Г.И. Воронина мәтіндік аутентті материалдарды қолданудың тиімділігінің алғышарттарын қарастыра келіп, олардың ішінде функционалдық және ақпараттық мәтіндердің орны ерекше екенін айтады [5]. Функционалдық мәтіндер деп түсіндірме, нұсқаулық, ескерту немесе жарнама қызметін атқаратын мәтіндер (жол белгілері мен белгілер, маңдайшалар, диаграммалар, брошюралар, театр бағдарламалары және т.б.) түсініледі. Ақпараттық мәтіндерге келетін болсақ, олар жаңалықтар жазбалары, газет мақалалары, сұхбаттар, сауалнамалар, хабарландырулар, түсініктемелер, репортаждар және т.б. арқылы беріледі. К.С. Кричевская түпнұсқа мәтіндер туралы айта отырып, оларды көркем мәтіндерге де жатқызады [6]. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз функционалдық, ақпараттық және көркем аутентті мәтіндер түрі болатынын анықтаймыз.

Функционалдық және ақпараттық мәтіндердің басты ерекшелігі, тіпті артықшылықтарының бірі – оқу тапсырмаларының шынайылығымен қатар аутентті жағдаят құру мүмкіндігінің жоғары болуы. Ақпараттық мәтіндер прагматикалық функцияны орындап, қоғамның күнделікті жағына қызмет ете отырып, өзектілігімен, яғни қоғаммен бірге өзгеріп отыруымен, дереккөздердің жанрлық әртүрлілігімен, яғни, дараландыру ұстанымына сәйкес келуімен, жағдаяттық шарттылықпен сипатталады, сондай-ақ күнделікті қарым-қатынасқа қажетті негізгі тілдік бірліктерді қамтиды. «Көркем аутентті мәтіндер қызықсыз ақпаратты қамтып, шынайы қарым-қатынас шарттарынан ажыраған, күрделі тілдік мазмұнды білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар көп жағдайда коммуникативтік жағдаяттық шарттарына да жауап бермейді деп қорытынды жасауға болады».

Г. Гофман тіл үйретуде аутентті ақпараттық мәтіндерді пайдалану керек деп есептейді. Ғалым бұл мәтіндерді пайдаланудың тиімділігі олармен жұмыс істеуге арналған келесі әдістемелік ұсыныстардың орындалуына тікелей байланысты екенін көрсетеді:

- Ақпараттық мәтіндер ауқымының кеңдігі оларды іріктеп алу мүмкіндігін арттырады және оларды меңгертуге арналған тапсырмаларды түрлендіріп ұсынуға қолайлы жағдай жасайды;
- Ақпараттық мәтіндер оқушылардың қиялын, шығармашылығын дамытуға кең мүмкіндіктер беретіндіктен, коммуникативтік тапсырманы кеңейту мүмкіндігі бар;
- Аутентті ақпараттық мәтіндерді таңдаған кезде әлеуметтік, мәдени және басқа да конфликтті мәселелерді өзекті мәселе ретінде қамтитын мәтіндерге артықшылық беру керек;
- Ақпараттық аутентті мәтіндер пікірталас тудыруы тиіс;
- Таңдалған аутентті мәтіндердің мазмұны мәдени және аймақтық құндылыққа ие болуы керек, мәтіндердің өзі анық құрылымды және көлемі жағынан шағын болуы керек» [14].

Аутентті мәтіндердің барлық аталған түрлері тілінің күрделілік деңгейі туралы айта отырып, мәтінмен жұмысты ұйымдастыру жолдарын басты назарда ұстаған жөн.

Сонымен қатар, аутентті мәтіндердің әралуан түрлеріне сәйкес келетін оқу түрлерін қолдану керек. Оқылым мәтінінің мазмұны бойынша қажетті ақпаратты табу және жалпы әсер алу мақсатындағы шолып оқу, танысып оқу деген түрлері бар екені белгілі. Сонымен қатар мәтінді жүз пайыз түсіну мақсатын көздейтін зерттей оқу түрі бар.

Шолып оқу мәтіннің тақырыбы туралы жалпы түсінік алу немесе нақты ақпаратты іздеу міндетін көздейді. Бұл мақсатқа қол жеткізу мәтіннің тақырыптарын, жекелеген абзацтар мен сөйлемдерін оқу арқылы жүзеге асады. Оқудың бұл түрі аутентті функционалды мәтіндерге тән.

Өз кезегінде, танысып оқу мәтінді кемінде 70% толық түсінуді болжайды, ал мәтіннің қосымша ақпараты бұрмаланбай түсінілуі өте маңызды. Оқудың бұл түрі аутентті қарым-қатынас жағдайында ең кең тараған және оқытылатын тіл елінің күнделікті өмірінің, тұрмысының және мәдениетінің ерекшеліктерін көрсететін ақпаратты қамтитын шынайы ақпараттық мәтіндер шеңберінде жүзеге асырылады. Танысып оқу барысында мәтіннің тақырыбы мен мазмұнын анықтау, негізгі ойды бөліп көрсету, оқылған мәтіннің негізгі фактілерінің логикалық тізбегін белгілеу сияқты бірқатар дағдылар қалыптасады. Аутентті ақпараттық мәтіндер үшін зерттей оқу түрі ыңғайлы. Бұл оның мазмұнын сыни рефлексия арқылы толық түсінуге мүмкіндік береді. Оқудың бұл түрі уақыт ұзақтығымен, кідірістердің болуымен және мәтіннің жеке фрагменттерін бірнеше қайталап оқумен сипатталады. Мәтіннің мазмұнын толық түсіну оның лексикалық, грамматикалық және синтаксистік мазмұнын түсінуді білдіреді.

Зерттеушілердің көпшілігі кез келген мәтінмен жұмыс жасауда үш негізгі кезең – мәтінге дейінгі, мәтіндік және мәтіннен кейінгі кезеңдерден тұрады деген пікірді қолдайды. Мәтін алдындағы кезеңде оқушылардың мәтінмен жұмыс істеуге деген ынтасы артады, оқытылатын пәндердің басқа салалары бойынша білімдерін еске түсіру арқылы жеке тәжірибесі өзектендіріледі, тақырыптар мен суреттерге сүйене отырып, мәтін мазмұны болжалады. Мәтінге дейінгі кезеңнің міндетті элементі – аутентті коммуникативті тапсырма. Мысал ретінде аутентті ақпараттық мәтіндер қатарына жататын газет мәтінімен жұмыс кезеңдерін қарастырып көреміз.

1. Мәтінге дейінгі кезең. Шолып оқу арқылы жүзеге асырылады.

Студенттерге газеттің тұтас бір нөмірін шолып, қарап шығу ұсынылады. Тапсырмалар:

– Газетке қарап, сұрақтарға жауап беріңіз:

– Газет қандай бөлімдерден тұрады?

– Газеттегі қандай айдарлар (мақалалар) назарыңызды аударды?

2. Мәтіндік кезең. Танысып оқу арқылы жүзеге асырылады.

Бұл кезеңде студенттер газеттегі: 1. Өз назарын аударған; 2. Мұғалім ұсынған; 3. Зерттелетін тақырыпқа сәйкес мақаланы таңдап алып, жалпы шолу жасап шығады.

Тапсырмалар: 1) Мақалаға ілеспе суреттерге сүйене отырып, мақаланың не туралы екенін анықтаңыз; 2) Тақырып пен тақырыпшаны оқып, осы мақалада не (кім) туралы баяндалатынын айтыңыз; 3) Бірінші абзацты оқып, тұтас мақаланың қандай ақпарат беретінін айтыңыз; 4) Соңғы абзацты оқып, оның алдында қандай мазмұн болуы мүмкін

екенін айтыңыз; 5) Абзацтардың бірінші сөйлемдерін оқып, мәтінде қарастырылатын мәселелерді атаңыз; 6) Халықаралық сөздерді тауып, солар арқылы мәтінде көтерілетін мәселені анықтап көріңіз.

3. Мәтіннен кейінгі кезең. Зерттей оқу арқылы жүзеге асырылады.

1) Сұрақтарға жауап беріңіз:

– Оқиға қашан болды?

– Ол қай жерде болды?

– Қай мемлекетте...?

– Негізгі қатысушылар кімдер?

2) Мәтіннің негізгі идеясы қай абзацта берілген?

3) Мәтіндегі ойға қатысты өз тұжырымыңыз қандай?

Аудиторияға шетелдік газеттен немесе журналдан үзінді әкелу жеткіліксіз, онымен жұмыс істеу процесін шынайы ету, студенттерге мәтінмен жұмысты жаттығу ретінде емес, шынайы коммуникативтілік орта ретінде қабылдауды үйретіп, сыныптағы табиғи өзара әрекеттесуге ынталандыру керек. Олай болса, сөйлеу әрекетін дамыту үшін мәтіннің аутентті болуы жеткіліксіз. Оны меңгертуге арналған тапсырмалар жүйесі де аутентті болып құрылуы шарт.

Қорытынды

Қорыта келе, тіл үйретуде аутентті мәтіндерді қолданудың тиімді жағымен қатар, осы материалдарды іріктеуде туындайтын өзіндік қиындықтары да бар екені анықталды. Тіл үйрету сабақтары ең кіші коммуникативті бірлік – мәтінді меңгертуге құрылатын болғандықтан, оқылым мәтіндерінің барынша аутентті түрлерін іріктеп алу соңғы мақсатты нәтиже – тілді меңгеруге үлкен үлес қосады.

Аутентті мәтіндермен жұмыс кезінде мәтін алды, мәтін соңы берілетін жаттығулар коммуникативті бағдарлы ұйымдастырылады. Соған байланысты тіл үйретуде аутентті материалдарды пайдалану заманауи талаптарға сәйкес коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру ұстанымдарына толық сәйкес келеді. Осы жағдайда аутентті мәтіндер қарым-қатынастың нақты жағдаятын тудыру және қарым-қатынас мақсаттарының шынайылығына жету құралы ретінде тіл үйренушілердің тілдің функционалдығын сезінуіне мүмкіндік жасайды. Бұл сөйлеу-ойлау әрекетінің аутентті жағдаяттық ұстанымына сәйкес келеді. Оның үстіне аутентті материалдардың қайнар көздері мен формаларының алуан түрлілігі оқытудың дараландыру мен жаңашылдық ұстанымдарына сәйкес келеді. Осыған байланысты аутентті оқу материалдарын коммуникативтік құзіреттіліктің барлық құрамдас бөліктерін, ең алдымен әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, стратегиялық және дискурстық құзыреттіліктерді қалыптастырудың өте тиімді құралы деген тұжырым жасауға болады.

Мүдделер қақтығысы

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

А.С. Бердикулова – мақала тақырыбына қатысты материалдарды саралап, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеуге, талдауға, мақаланың рәсімделуіне өз үлесін қосты. **Ш. Қапантайқызы** – талдау, тұжырымдама, қорытынды жасауға ат салысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Kennedy A. Reading as a Perceptual Process. 1st Edition / A.Kennedy, D.Heller, J.Pynte, R.Radach. - Elsevier Ltd. – North-Holland, 2000. – 751 p. <https://doi.org/10.1016/B978-0-08-043642-5.X5000-1>
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Шығармалар жинағы. 2-т. Тілдік қатынас. Ғылыми монография. – Алматы: «Ан-Арыс», 2019. – 584 б.
3. Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі. монография. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 278 б.
4. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. Т.VII. – М.: Русский язык, 2000. – С. 1213.
5. Носонович Е. В., Мильруд Г.П. Критерии содержательной аутентичности учебного текста // Иностранные языки в школе. – 2008. – № 2. – С. 10-14.
6. Воронина Г.И. Организация работы с аутентичными текстами молодежной прессы в старших классах школ с углубленным изучением иностранного языка // Иностранные языки в школе. – 1999. – № 2. – С. 23-25.
7. Кричевская К.С. Прагматические материалы, знакомящие учеников с культурой и средой обитания жителей страны изучаемого языка // Иностранные языки в школе. – 1996. – № 1. – С. 13-17.
8. Harmer J. How to teach English / J. Harmer. 6th impression. – London: Pearson, 2010. – PP. 290.
9. Morrow K. Authentic Texts in ESP/ K. Morrow, S. Holden (Ed.) //English for specific purposes. – 1977. – PP. 13-16.
10. Казакова М.А., Евтюгина А.А. Аутентичные текстовые материалы в обучении иностранному языку // Вестник Бурятского государственного университета. Образование. Личность. Общество. – 2016. – №. 4. – С.17-25.
11. Гильманова А.А. Никитина С.Е., Тябина Д.В. Обучение чтению аутентичных текстов на занятиях по иностранному языку //Международный научно-исследовательский журнал. – 2016. – №. 5-4 (47).
12. Леонгард О.А. Формирование межкультурной компетенции в процессе обучения чтению аутентичных текстов //Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2012. – №. 1. – С. 91-93.
13. Martinez A. G. Authentic materials: An overview on Karen's linguistic issues //Retrieved January. – 2002. – Т. 16. – С. 2015.
14. Hofmann H. Zur Integration von literarischen Texten in einem kommunikativen Sprachunterricht. In: Authentische Texte im DU. – München: Hueber Verlag, 1985. – 200 p.

А.С. Бердикулова*, Ш. Қапантайқызы

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Развитие навыков чтения через аутентичные тексты

Аннотация. Тексты для чтения должны быть связаны с реальной жизнью, человеком, обществом. Эта концепция основана на требованиях к текстам как к коммуникативной единице. Актуальность проблемы обусловлена необходимостью выбора эффективных способов развития навыков чтения изучаемого языка. В связи с этим целью статьи является рассмотрение возможности организации эффективного коммуникативного процесса обучения и использования аутентичных текстовых материалов как действенного способа обучения языку. В теоретической части статьи проводится обзор работ ученых, изучавших проблему обучения чтению на основе аутентичных текстов как средства обучения языку. В результате были проанализированы определения понятий «аутентичность» и «аутентичные материалы» в трудах ученых, которые рассматривали способы развития навыков чтения. Были проанализированы виды аутентичных текстов. Рассмотрены аспекты использования аутентичных текстовых материалов, определены этапы организации чтения и виды заданий для каждого вида текста. В практической части исследования особое внимание уделялось изучению аутентичных информационных текстов, которые позволяют студентам расширить словарный запас, усвоить основы аутентичного текста, развить навыки работы со словарем. Поднятые в статье вопросы имеют практическое значение в плане организации работы с аутентичными материалами на уроках иностранных языков и вносят теоретический и практический вклад в изучение аутентичности.

Ключевые слова: аутентичность, аутентичный текст, информационный текст, читательская деятельность, изучение языка, задание.

A.S. Berdikulova*, Sh. Kapantaykyzy

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Developing reading skills through authentic texts

Abstract. The reading of the texts should be related to real life, a person, and society. This concept is based on the requirements for texts as a communicative unit. The relevance of the problem is due to the need to choose effective ways to develop the reading skills of the target language. In this regard, the purpose of the article is to consider the possibility of organizing an effective communicative learning process and using authentic textual materials as an effective way of teaching a language. The theoretical part of the article reviews the work of scientists who studied the problem of teaching reading, based on authentic texts, as a means of teaching the language. As a result, the definitions of the concepts of "authenticity" and "authentic materials" in the works of scientists who considered ways to develop reading skills have been explored. The types of authentic texts were analyzed. Aspects of the use of authentic text materials are considered, and the stages of reading organization and types of tasks for each type of text are determined. In the practical part of the study, special attention was paid to the study

of authentic information texts, which allow students to expand their vocabulary, learn the basics of an authentic text, and develop vocabulary skills. The issues raised in the article are of practical importance in terms of organizing work with authentic materials in foreign language classes and making a theoretical and practical contribution to the study of authenticity.

Keywords: authenticity, authentic text, informational text, reading activity, language learning, task.

References

1. Kennedy A., Radach R., Heller D., Pynte J. Reading as a Perceptual Process. 1st Edition (Elsevier Ltd, North-Holland, 2000, 751 p.). – Available at: <https://doi.org/10.1016/B978-0-08-043642-5.X5000-1> (accessed: 10.04.2024)
2. Orazbaeva F. Sh. Tildik katynas [Language communication] (Almaty, 2019, 584 p.) [in Kazakh]
3. Kurmanbaeva Sh. K. Kazak tilin zhedeldete okytu: teoriyasy men adistemesi [Accelerated learning of the Kazakh language: theory and methods] (Oskemen, 2012, 278 p.) [in Kazakh]
4. Efremova T.F. Novyj slovar' russkogo yazyka. Tolkovo-slovoobrazovatel'nyj. [A new dictionary of the Russian language. Explanatory-word-formation] (Moscow, 2000, 1213 p.) [in Russian]
5. Nosonovich E.V., Milrud G.P. Kriterii sodержatel'noj autentichnosti uchebnogo teksta [Criteria for meaningful authenticity of the educational text]. Foreign Languages at School, 2, 10-14 (2008) [in Russian]
6. Voronina G.I. Organizaciya raboty s autentichnymi tekstami molodezhnoj pressy v starshih klassah shkol s uglublennym izucheniem inostrannogo yazyka [Organization of work with authentic texts of the youth press in high schools with in-depth study of a foreign language]. Foreign Languages at School, 2, 23-25 (1999) [in Russian]
7. Krichevskaya K.S. Pragmatische materialy, znakomyashchie uchenikov s kul'turoj i sredoj obitaniya zhitelej strany izuchaemogo yazyka [Pragmatic materials that introduce students to the culture and habitat of the inhabitants of the country of the language being studied]. Foreign Languages at School, 1, 13-17(1996). [in Russian]
8. Harmer J. How to Teach English (Pearson, London, 2010, 290 p.)
9. Morrow K. Authentic Texts in ESP. English for specific purposes, 13–16 (1977).
10. Kazakova M. A., Evtyugina A. A. Autentichnye tekstovye materialy v obuchenii inostrannomu yazyku [Authentic text materials in foreign language teaching]. BSU bulletin. Education. Personality. Society, 4, 17-25 (2016). [in Russian]
11. Gilmanova A.A., Nikitina S.E., Tyabina D.V. Authentic reading texts in teaching foreign languages. Mezhdunarodnyj nauchno-issledovatel'skij zhurnal, 5-4 (47), 24-27 (2016). [in Russian]
12. Leongard O.A. Formirovanie mezhkul'turnoj kompetencii v processe obucheniya chteniyu autentichnyh tekstov [Formation of intercultural competence in the process of learning to read authentic texts]. 2012. No 1. P. 91-93. (in Russian)
13. Martinez A.G. Authentic materials: An overview on Karen's linguistic issues. Retrieved January, 16, 15-18 (2002).
14. Hofmann H. Zur Integration von literarischen Texten in einem kommunikativen Sprachunterricht. In: Authentische Texte im DU (Hueber Verlag, Munchen, 1985, 200 p.) [in German]

Авторлар туралы мәлімет:

Бердикулова Адасай Смаиловна – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: adasay.90@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2510-4549.

Қапантайқызы Шынар – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: shkapantaykizi@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2896-4322.

Бердикулова Адасай Смаиловна – докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: adasay.90@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2510-4549.

Капантайқызы Шынар – доктор педагогических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: shkapantaykizi@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2896-4322.

Berdikulova Adasay Smailovna – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, E-mail: adasay.90@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2510-4549.

Kapantaykizi Shynar – Doctor of Pedagogy, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: shkapantaykizi@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2896-4322.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).